

Аяғоз

жаңалықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 39 (10986)

11 қазан 2025 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

Абай облысының халқы көтерген мәселеге байланысты депутаттық сауал жолданды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
О.А.Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ



Құрметті
Олжас Абайұлы!

Абай облысында халықпен кездесулер өткізгенде республикалық, облыстық және аудандық жолдарды жөндеу мәселесі жиі көтерілді.

Мемлекет Басшысы 2022 жылғы Жолдауында жергілікті жолдардың 95 пайызын жақсарту және бұл мәселені Үкіметтің бақылауында ұстау жөнінде тапсырма берген.

Қарағанды – Аяғоз – Богас республикалық жолын жөндеу 2024 жылы басталған. Қазіргі таңда 80 шақырым жол жөнделді. Бұл жолды жөндеуді жалғастыру керек. Өсіресе, Баршатас – Аяғоз – Тарбағатай жол учаскесін жөндеу қажет. Өйткені бұл жол өте нашар жағдайда.

Абай облысы бойынша жергілікті жолдардың жалпы ұзындығы – 4 985 шақырым, оның 44 пайызына асфальт төселмеген.

Аяғоз-Қарауыл, Ақсуат-Ақжар, сондай-ақ, Ақтоғай кентінен республикалық жолға дейінгі (84 шақырым) облыстық жолдар әбден тозған, шұңқыр-шұңқыр. Бұл жолдарды жөндеу мәселесі бірнеше рет көтерілген.

Биыл Аяғоз-Қарауыл жолын жөндеу жұмыстары басталған. Келесі жылдарға қаражат қарастыру

керек.

Сонымен қатар, Абай облысындағы аудандық және көптеген ауылдарға кіреберіс жолдар жөндеуді қажет етеді. Өйткені, бұл жолдар жолаушыларға, жүргізушілерге қиындық тудырады және жедел жәрдем көліктерінің уақытылы жетуіне кедергі келтіреді.

Мысалы, облыстағы Майлин, Сарыарқа, Мыңбұлақ, Өркен, Қоңырбиік, Кіші Қарасу, Жайма, Жарық, Қапанбұлақ, Қызылағаш, Кіндікті, Үштөбе, Сұлутал, Алғабас, Абыралы, Бургон, Көктерек, Көктал, Биғаш, Долонь – Мостик, Қарамырза – Белокаменко, Қарағайлы – Бозтал, Белағаш – Новопокровка ауылдарына баратын жолдар да сын көтермейді, асфальт жоқ, қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Халық бұл жолдарды жөндеуді талап етуде.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында автомобиль жолдардың жөндеу басты басымдықтардың бірі ретінде белгіленген.

Осыған байланысты, Сізден:

1.Қарағанды – Аяғоз – Богас республикалық жолының Баршатас – Аяғоз – Тарбағатай жол учаскесін жөндеуге тиісті қаражат қарастыруды;

2.Жергілікті жолдарды жөндеуге арналған бағдарлама қабылдап, нақты мерзімін белгілеп, қаражат бөлуді сұраймын.

САБИЛЬЯНОВ

Нұртай Салихұлы

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің
Төрағасы

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРІ МӘДИ ТАКИЕВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке республикалық бюджеттің орындалуы және мемлекет қаржысын цифрландыруды ілгерілету жұмыстары жөнінде баяндалды.

Министрдің айтуынша, биыл республикалық бюджетке 21,6 триллион теңге көлемінде кіріс түскен. Оның 15,2 триллион теңгесін салық түсімдері құрайды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 23,4 пайыз жоғары. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша бюджет 101,6 пайыз орындалып, оның әлеуметтік бағыты сақталып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігін арттыру шаралары, Арнаулы мемлекеттік қордың түсімдері туралы мәлімет берілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын іске асыруға баса назар аударылды. Жаңа құжат рәсімдердің мерзімін қысқартуды, олардың ашықтығын қамтамасыз етуді және отандық тауар өндірушілерді қолдауды көздейді. Қазіргі уақытта қазынашылықтың ақпараттық жүйесіндегі талдау және бақылау үдерістері толық автоматтандырылды.

Мемлекет қаржысын цифрландыру аясында Big Data қалыптастыруға және толықтыруға, сон-



дай-ақ салық пен кеден салаларына жасанды интеллектіні енгізуге ерекше мән беріледі.

Президентке мемлекеттік аудиттің нәтижелері таныстырылды. Биылғы 8 айда 791 тексеру жүргізіліп, сомасы 337,5 миллиард теңге болатын қаржының заңсыз жұмсалғаны анықталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру мен барлық әлеуметтік міндеттемені орындау керек екеніне тоқталды. Сондай-ақ цифрландыруды одан әрі дамыту және заманауи бақылау тетіктерін енгізудің маңызын атап өтті.

Ақорда

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық даму сапасын арттыру және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Жиынға Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Ұлттық банктің төрағасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жетекшілері мен Үкімет мүшелері қатысты.



Кеңес барысында макроэкономикалық орнықтылықты нығайту, азаматтардың әл-ауқатын көтеру және инфляция деңгейін төмендету шаралары қаралды.

Президент халықтың табысын жақсартуда саннан сапаға көшудің маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы орнықты дамыту үшін барлық жауапты мемлекеттік органдардың жүйелі жұмыс істеуі керек екенін айтты.

Ақорда

АЙМАҚ БАСШЫСЫ РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БАРДЫ



Аяғоз ауданына келген қызметтік сапары барысында облыс әкімі Берік Уәли Аяғоз қаласындағы орталық аудандық аурухана жанынан салынған реанимациялық бөлімшенің құрылысымен танысты.

Аудандық аурухана 1976 жылы пайдалануға берілген. Медициналық нысан 220 төсек-орындық стационарымен және ауданға қарасты емдеу мекемелерімен халыққа қызмет көрсетіп отыр. Мұнда 800-ге жуық адам жұмыс істейді. 50 мыңға тарта тұрғын тіркелген.

10 төсекке арналған жаңа реанимациялық бөлімшенің құрылысы 2024 жылы басталған. Ғимарат «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынды. Реанимация бөлімі бұған дейін аурухананың бейімделген бөлмесінде орналасқан болатын. Енді жаңа нысанда оқшауланған палаталар, диализ

бөлмесі, бейнебақылау жүйесі, қан сақтау қоймасы, дәрігерлерге арналған қосымша бөлмелер болады.

Сонымен қатар, нысан жасанды тыныс алдыру аппараттары, мобильді рентген, жоғары сапалы ультратыбыстық құрылғы, видеофибробронхоскоп, дефибриляторлар және басқа да заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Бұл жабдықтар реанимациялық көмектің сапасын едәуір арттыруға және науқастарға дер кезінде әрі білікті медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Жаңа бөлімшеде жыл сайын шамамен 500 науқас, оның ішінде 60-қа жуық бала ем қабылдайды. Алдағы уақытта ауруханаға магнитті-резонанстық томограф орнату үшін жапсаржай салу жоспарланып отыр.

Нысанды аралап көрген облыс әкімі жаңа бөлімшенің аудан тұрғындары үшін маңызын атап өтті.

«Реанимация бөлімшесі заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіліп, дәрігерлердің кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ең бастысы – тұрғындар дер кезінде сапалы медициналық көмек алады», – деді аймақ басшысы.

Абай ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«RSA COPPER GROUP» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. «RSA COPPER GROUP» ЖШС тарапынан әзірленген «Абай облысы, Аягөз ауданы аумағында М-44-133-(10в-5г-1), М-44-133-(10в-5г-2), М-44-133-(10в-5г-3) блоктарында мыс пен алтынды барлау және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары (ҚОӘБ, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

2. Әсер ету аймағы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы. Жұмыс учаскесінің жалпы ауданы – 6,9 км². Географиялық координаттары: 1. 48°15'00"с.е., 78°25'00"ш.б.; 2. 48°15'00"с.е., 78°26'00"ш.б.; 3. 48°14'00"с.е., 78°28'00"ш.б.; 4. 48°14'00"с.е., 78°25'00"ш.б.

3. Қоғамдық тыңдаулар өткізу күні мен уақыты: 2025 жылғы 19 қараша, сағат 15:00-де. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы, Баршатаас ауылдық округі, Баршатаас ауылы, Абылайхан көшесі, 12 үй, «Аягөз ауданы Баршатаас ауылдық округі әкімінің аппараты».

4. Алдағы қызметтің бастамашысы: «RSA COPPER GROUP» ЖШС

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 156 үй. БСН: 230940035458. Тел: 2-598-598. Электронды пошта: albina1698@mail.ru.

5. Жобалық құжаттаманың әзірлеушісі: «MININGWELL SOLUTIONS» ЖШС: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., «Байқоңыр» ауданы, Ш. Иманбаев көшесі, 2-үй, тел: +7 701 531 0511, e-mail: tulegen.zhakupov@gmail.com.

6. Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

7. Алдағы қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуін, сондай-ақ қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін мына мекенжайлар бойынша хабарласа аласыз: «RSA COPPER GROUP» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 156 үй. БСН: 230940035458. Тел: 2-598-598. Электронды пошта: albina1698@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz; prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru, пошта арқылы – Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қ., Тұрлыханов көшесі, 30-үй.

2025 жылғы 19 қараша сағат 15.00-де тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме арқылы өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4692304157?pwd=V2EYfE0ayAbsZDetAVJrsmo3b8oDks.1&omn=81169890369>

Конференция идентификаторы: 469 230 4157

Қатысу коды: V0HuPL

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша қызмет бастамашысының телефондарымен хабарласуға болады.

Егер аудармада қосымша өзгерістер немесе түсіндірулер қажет болса, хабарласыңыз!

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «RSA COPPER GROUP», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Материалы для получения экологического разрешения на воздействия для «План разведочных работ с проведением горно-вскрышных работ в целях опытно-промышленной добычи меди и золота на блоках: М-44-133-(10в-5г-1), М-44-133-(10в-5г-2), М-44-133-(10в-5г-3), участка в Аягөзском районе, области Абай (РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ)

2. Территория воздействия: РК, область Абай, Аягөзский район. Площадь участка работ составляет – 6,9 км². Координаты: 1. 48°15'00"с.ш., 78°25'00"в.д.; 2. 48°15'00"с.ш., 78°26'00"в.д.; 3. 48°14'00"с.ш., 78°28'00"в.д.; 4. 48°14'00"с.ш., 78°25'00"в.д.

3. Общественные слушания состоятся: 19 ноября 2025 года в 15.00 часов по адресу: РК, область Абай, Аягөзский район, Баршатаасский с.о., с.Баршатаас, "Аппарат Акима Баршатаасского сельского округа Аягөзского района области Абай" ул. АБЫЛАЙХАНА, 12.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ОО «RSA COPPER GROUP» Адрес: Республика Казахстан, г.Алматы, Алматинский р-н, ул.Богенбай Батыра, дом 156. БИН: 230940035458. тел. 2-598-598. e-mail: albina1698@mail.ru.

5. Разработчик проектной документации: ОО «MININGWELL SOLUTIONS»: 010000, Республика Казахстан, г.Астана, Район "Байқоңыр", улица Ш.Иманбаева, дом № 2, тел: +7 701 531 0511, e-mail: tulegen.zhakupov@gmail.com.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», в разделе «Общественные слушания».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ОО «RSA COPPER GROUP» Адрес: Республика Казахстан, г.Алматы, Алматинский р-н, ул.Богенбай Батыра, дом 156. БИН: 230940035458. тел. 2-598-598. e-mail: albina1698@mail.ru.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ndbecology.gov.kz; prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru, почтовый - Республика Казахстан, область Абай, г. Семей, ул. Тұрлыханова, 30.

Для участия в слушаниях 19 ноября 2025 года в 15.00 часов необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/4692304157?pwd=V2EYfE0ayAbsZDetAVJrsmo3b8oDks.1&omn=81169890369>

Идентификатор конференции: 469 230 4157

Код доступа: V0HuPL

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, көршілер әріптестер және барша әкеміздің көзін көрген жамағат!



Сіздерді асыл жар, ардақты әке Егізбаев Қали Самықұлы рухына арналған жылдық асына шақырамыз.

Жылдық ас 27 қазан сағат 12 Аягөз орталық Мешітінің қатымханасында беріледі.

Ас берушілер:
Жұбайы, балалары, келіндері, немерелері.

ҚҰРМЕТТІ АЯГӨЗ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

13.10.2025 - 15.10.2025

«СемейОфтум» ЖШС клиникасының офтальмолог-дәрігері

Арипов Абзал Арманович

Абай облысы ДБ ШЖК КМК «Аягөз ауданының көпсалалы орталық ауруханасында» 16 жастан асқан пациенттерді қабылдайды

«СемейОфтум» ЖШС клиникасына жолдамамен қабылдау – тегін, жолдамасыз – ақылы, 5000 теңге.

+7 7222 351616
+7 7222 423030
+7 776 2679483

@semeyoftum

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

«Ай Караул» АҚ «2025 жылғы 28 сәуірдегі №2914-ЕЛ лицензиясы бойынша 5 жылға арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары. (2025 жылғы 11 маусымдағы лицензияны ұзарту)» жобасына II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. (47°36'59.40"С, 80°22'59.16"В).

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Аягөз ауданы, Қона а.о., 47°26'46.25"С, 80°19'1.69"В.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 21 қарашасында сағат 11.00-де өтеді. Абай облысы, Аягөз ауданы, Қона а. о., Қона а., 8 көше, 146а мекенжайы бойынша.

ТЖ және карантин режимі енгізілген жағдайда Zoom-да ашық тыңдаулар өтеді. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JldVJYRytlWHZ2UT09&omn=77955050364>

Конференция идентификаторы: 232 495 5975. Кіру коды: 123
Бастамашысы: «Ай Караул» АҚ, заң. мекен-жайы: ҚР, 050008, Алматы қ., Бостандық ауданы, ш/а Көктем, 1, 15а үй, Koktem square БЦ, 7 қабат. тел. 87055113073. БСН 080740006246

Әзірлеуші: «НПК Экоресурс» ЖШС, заң.мекен-жайы: ҚР, 110000, Қостанай қ., Өл-Фараби даңғылы, 119, каб. 317, тел. 8(7142)504572. БСН 111240005489.

Жоба бойынша құжаттама Ақпараттық жүйеде орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қосымша ақпарат: 87142504572, 500293@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Абай облысы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru және Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, сондай-ақ Ақпараттық жүйе платформасында.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!!!

АО «Ай Караул» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории к проекту «План разведки твердых полезных ископаемых по Лицензии №2914-ЕЛ от 28 апреля 2025 года на 5 лет. (Продление лицензии от 11 июня 2025 г.)». (47°36'59.40"С, 80°22'59.16"В).

Территория воздействия: область Абай, Аягөзский район, Копинский с.о., 47°26'46.25"С, 80°19'1.69"В.

Общественные слушания состоятся 21 ноября 2025 года в 11:00. По адресу область Абай, Аягөзский район, Копинский с.о., с. Кона, 8 улица, 146А.

В случае введения режима ЧС и карантина открытые слушания пройдут в Zoom. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JldVJYRytlWHZ2UT09&omn=77955050364>

Идентификатор конференции: 232 495 5975. Код доступа: 123
Инициатор: АО «Ай Караул», юр.адрес: РК, 050008, г. Алматы, Бостандыкский р-н, мкр. Көктем, 1, д.15А, БЦ Koktem Square, 7 этаж. тел. 87055113073. БИН 080740006246.

Разработчик: ОО «НПК Экоресурс», юр.адрес: РК, 110000, г. Костанай, пр-т Аль-Фараби 119, каб. 317, тел. 8(7142)504572. БИН 111240005489.

Документация по проекту размещена в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания». Дополнительная информация: 87142504572, 500293@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата области Абай» по адресам: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru и г.Семей, ул.Тұрлыханова, 30, а также на платформе Информационной системы.

«Аягөз жаңалықтары»
аудандық газеті
ЖШС

Директор –
Бас редактор
Е.Дайырбаев

Мекен-жайымыз: Аягөз қаласы,
Х.Дүйсенов, 104.

Газеттегі
авторлық пікірлер
редакцияныкімен
сәйкес келмеуі
мүмкін



Телефондар:

Жауапты хатшы:
3-22-01

e-mail:
ayaagoz-zhanalyktary@mail.ru

Қазақстан Республикасы Аппарат және Қоғамдық даму министрінің Аппарат комитеті 2021 жылғы 4 ақпанда берген тіркеу куәлік № КЗ44VPY00032023
Газеттің атқанына 1 рет шығарып А3 форматына (420x297 мм) тегістерінен 3 баста табақ

Газеті «Дом Печати» ЖШС баспаханасында басылды. 070002 Глазодар қ. Астана көшесі 143

Таралымы 1441 дана
Талпырыс № 1106